

## Ұлылар үндестігі немесе Мағжанның «Педагогикасы» хақында

Мұхит АДАМОВ

Тәрбиенің тоқсан тарау жолдарын жіті зерделеп, жан-жақты пайымдай білудің маңызы өлшеусіз. Осы орайда халық тағылымынан, ұлт данышпандары мен кемеңгерлерінен тәлім алудың ғибраты зор. Қаймана қазағының жоралы жұрт болуын аңсаған кемеңгер тұлға, ғаламат талант – Мағжан Жұмабаев. «Қалың елі қазағының» қамын ойлаған хәкім Абайдай Мағжан да туған халқының бақыты жолында жанпида ғұмыр кешті. Мағжан – сан қырлы дарабоз дарын. Соның бір парасы – ұстаздық үлгісі, тәрбиешілік тәлімі. Оның шалқар шабытпен жазылған «Педагогика» кітабы ұрпақ тәрбиесінің жолбасшысы іспеттес. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» тәрбиеші – мұғалімнің бекзада болмысын, келісті келбетін, сұлу сезімін, ішкі жан дүниесін жарқыратып көрсеткен көзайым жауһар дүние. Әйгілі өз бабамыз әл-Фараби: «Адамға бірінші тәрбие қажет. Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы» деген пәлсапалық пікірі жоталы ойларға жетелейді.

Тәрбие – қоғамның қозғаушы күші. «Педагогика» кітабының алғысөзінде: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым» деп ағынан жарылады. Мағжан тәрбиешісінің бойынан ұлттық рухтың, қазақы қастерлі қасиеттердің самала лебі есіп тұрады.

Мұның өзі қазақы сана-сезіміміздің, ұлттық салт-дәстүріміздің



or001y13-Cover1.jpg

нақыштарын толайым толық білуге меңзейді.

Мағжан тәрбиеші-мұғалімнің дәрежесін бәрінен де жоғары қояды. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Алты Алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі» деген аталы сөзі осыған дәлел болса керек. Мұғалім мәртебесін Мағжандай көкке көтере дәріптеу көңілге көл-көсір қуаныш ұялатады. «Педагогика» кітабында тәрбие түрлері тәптіштеп талданған. «Тәрбие – дейді ұлы ұстаз, кең мағынасында алғанда қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал, енді, адамзат туралы айтқанда адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі». Мағжанның түсіндіруінде тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Атақты ағартушы тәрбие ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырады. Бұл іргелі мәселеде ата-ана мен тәрбиешіге жүктелер міндеттің ауқымы мен салмағын саралайды. «Бала адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала аурулы, зағип болса баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші

жазалаы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» дейтін Иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел» – дейді кемеңгер педагог.

Тәрбиенің түпкі мақсатын жан-жақты дәйектеген ұлағатты ұстаз адамның, ұлттың, асса адамзат дүниесін бақытты қылу тәрбиенің алтын арқауы екенін қадап айтады. Сонда тәрбие дегеніміз не өзі? Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер екендігі «Педагогика» еңбегінде тиянақты баяндалады. Ендеше әрі қиын, әрі күрделі өнерді жеткілікті игеру екінің біріне, егіздің сыңарына бұйыратын сыбаға емес. Демек, тәрбие пәнімен жете таныс болу әр ұстаздың өмірлік парызына айналуға тиіс. Мағжанның айтуы бойынша тәрбие пәні педагогика деп аталады. Педагогика – адамның денесі мен жанын дұрыс тәрбиелеу қағидаларын үйрететін ілім. Олай болса, бала тәрбиешісі ең алдымен адамның денесі мен жанының жайынан хабар беретін басқа да пәндерді тиянақты білуге міндетті. Осы орайда, Мағжан Жұмабаев дене және жан пәндерін жіліктеп талдап, әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Дене пәндерін қамтитын салалар: анатомия, физиология, гигиена, гимнастика деп аталады. Жан туралы пәндерге психология, логика, этика пәндерін қосады да, оларды даралап, саралап түсіндіреді.

Мағжан Жұмабаев педагогика пәнін бес топқа бөліп қарастырады. Олар: жалпы педагогика, дидактика, методика, мектеп басқару және педагогика тарихы. Тұтас педагогика ұғымын құрайтын осы пәндердің атқаратын қызметтері «Педагогика» кітабында мейлінше дәйекті дәлелденген. Өз ісіне адал, мамандығын қылаусыз меңгерген толыққанды тәрбиеші Мағжан «Педагогикасында» түзілген тұжырымдар мен қағидаларды бес саусағындай білуге тиіс. Неге? Себебі, Жұмабаев нағыз тәрбиешінің тұлғасын өзіне дейінгі атақты ағартушылар мен ғұламалардан тәлім ала отырып сипаттаған. Тәрбие туралы мұндай ғылыми еңбек қазақ топырағындағы тұңғыш құрал. Ендеше одан үйрену, үлгі алу және тәжірибеде қолдану бүгінгі мектеп мұғалімінің мерейлі міндеті болса керек.

М.Жұмабаев әр тәрбиешінің ұстанатын жолы – ұлт тәрбиесі екеніне баса назар аударады. Тәрбиеші ең әуелі ұлттың адамы, халықтың қызметшісі. Бұл жөнінде кітапта: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген бәтуалы байлам жасалады.

Адам – жаратылыстың ерекше сыйы, қайталанбас бірегей қазынасы. Бұл туралы күллі мұсылман қауымының киелі кітабы – Құран-Кәрімде: «Біз адам баласын үлкен сүйіспеншілікпен жараттық» дейтін аят бар. Шын мәнінде, бүкіл жер әлемнің қожайыны – Адам.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті, – деп данышпан Абай жырлағандай, адамгершілік ізгі қасиеттерді, имани құндылықтарды тал бойына жинай білген адамның бағы жанады, өмірден өз орнын табады. Әр жұмыр басты пенде бәрінен бұрын адам болып қалыптасу керек. Қадыр ақын айтқандай «Адамдық қиын мамандық, алуы қиын меңгеріп». Осы орайда халқымыздың қос кемеңгері Абай мен Мағжанның Адам туралы айтқан ой-толғамдарына тоқталған орынды. Адамтанудың ақылманы хакім Абай:

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – дейді. Поэзия падишасының пайымдауынша толық адамның үш үлкен қасиеті болуы керек екен. Ол: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Осы үш қасиеттің бірі кемшін түссе, пенде баласы кембағал күй кешеді. Жігерсіз адам қайратсыз, қайратсыз адам қабілетсіз. Ақылы кемеліне келмеген кісі өмірге икемсіз, әлжуаз, рухани мүгедек. Жүрегінің жылуы жоқ адам әдетте тасбауыр, мейірімсіз. Сондықтан, Абай айтқан толық адам қайратты, ақылды, жүрегі мейірбан. Осындай адам айналасына шуақ шашады, жақсылық дәнін себеді, үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайды. Әр ұстаз толық адам дәрежесіне жеткенде ғана ұрпақ тәрбиесімен нақты айналыса алады. Шынайы мұғалім қайраты бекем, ақылы шалқар, жүрегі жұмсақ нағыз шарапатты адам.

Адамзат алыбы Абайдың ақылына жүгінген, Абайды пір тұтқан Мағжан Жұмабаев та адамгершіліктің ақ туын аспандатып, алдымен шын адам болуды қатты аңсады. Мағжанның сипаттауынша өмірдегі қиындықтарды елемейтін мықты, берік денелі, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, ақылы кенен, сөзі сырлы, үні әуезді, сұлулықты сүйетін, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренетін өресі биік көшелі кісі – шын Адам. Міне, осындай адам ғана бала тәрбиесімен шұғылдануға әбден хақылы. Абай толық адамның келбетін бір-ақ шумақ өлеңмен өрнектесе, Мағжан шын Адамның кейпін қысқа да нұсқа сөздермен сипаттайды.

Білім берудің бесаспап білгірі Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» сөз жоқ, теңдессіз рухани қазына. Бұл кітаптан біз бала тәрбиесіне қатысты мағлұматтар мен ақпараттарды тәрбиеші-мұғалімге тиесілі қадір-қасиеттерді жазбай танимыз. Осы ғылыми еңбекті оқи отырып, Мағжанның періштедей пәк баланың жан-дүниесін, ой-жүйесін, қалыптасу, толысу, даму баспалдақтарын бақай шағына дейін шағып білетініне қайран қаламыз. Баланың туған анасы жете біле бермейтін кейбір беймәлім тұстарды кемеңгер педагогтың қалт жібермей қадағалай қарайтынына еріксіз тәнті боламыз. Дүние есігін жаңа ашқан құйттай сәбидің бір минутта 40-44 рет демалып, тамырының 150 рет соғатынына дейін қазбалап айтуы бала жаратылысын жете білуге деген ынтызарлықтың белгісі.

Бүгінгі мұғалімнің әлеуметтік жүгі ауыр, жауапкершілігі үлкен. Ол ұдайы ізденуге, толассыз тер төгуге міндетті. Әр ұстаз педагогика тарихын түбегейлі білуге тиіс. Педагогика шежіресіне зер салсақ талай қызықты жайттарға кезігеміз. Мәселен, атақты Гераклит тәрбие туралы кеңінен толғанады да «Тәрбие – табиғаттың қолы. Осы қолмен адамзатты өмірге әкелген. Ал тәрбие деген өзара әсер, өзара әсерлеу» дейді. Гераклиттің ұғымындағы табиғат – Ұлы Құдірет. Оны қозғаушы, билеуші әмірші бар. Оның аты – Алла тағала. Жаратқан иенің 99 мүбәрақ есімдерінің бірі – Раббы. Араб тілінен аударғанда тәрбиеші деген ұғымды білдіреді. Ендеше Гераклит айтып отырған табиғаттың тікелей синонимі – Алла. Қасиетті Құран-Кәрімде: «Алла сендерді (адамдарды) сұлу кейіпте жаратты. Ұлы Раббыларыңа бой ұсыныңдар» деген илаһи сөз бар.

Әйгілі Платон: «Адам көп білген сайын өзінің түк білмейтінін сезеді» депті. Данышпандық сөз. Жалпы адамзат баласы жаратылысынан бәрін білуге ынтызар. Бұл тұста әңгіме ғұлама ғалымдар туралы болып отыр. Ілім-білімнің шыңына шыққан шынайы ғалым «Мен білімпазбын» деп әсте айтпайды. Ұлы Абай: «Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей, мен келмеске кетермін түк өндірмей» деп қатты қапаланғанын жақсы білеміз. Ақылдың асқар биігіне шығып, адамзатқа үлгі таратқан, «іші алтын, сырты күміс» сөз жақсысын сомдаған, «қалың елі қазағы» үшін жаны ауырып, жүрегі сыздаған абыз ақын түк өндірмедім деп өкінгенде біз не тындырдық деп тоқмейілси аламыз?

Қазір заман өзгерді, білім беруге талап күшейді. Нарық бәсекелестікті туғызды. Шынайы жарыс, адал бәсеке – өркендеу өрісі. Бүгінде жалпы білім беретін мектептер үшін бәсекелестіктің бір түрі – ұлттық

бірыңғай тестілеу сынағы. Бұл білім сайысы әр мектептің, әр ұстаздың қаншалықты дәрежеде қызмет атқарғанын айқындайды. Ахмет Байтұрсынов «Білім жарысы» деген мақаласында: «Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар - білімділер, зейінділер», – дейді. Сол білім жарысы бүгінде өркениеттіліктің, зиялылықтың, мәдениеттіліктің нышаны. Адамзат ардақтысы сүйікті пайғамбарымыз өзінің хадистерінде: «Бір сағат ілім үйрену бір кеш бойы құлшылық етуден жақсы. Бір күн бойы дәріс алу үш ай ораза тұтқаннан қайырлы» - дейді. Иә, білім – барша игіліктің бастау бұлағы. Демек, әр ұстаз күллі адамзаттың рухани құндылықтарын игере отырып, жас жеткіншектерге ілім-ғылымның миуалы жемісін сыйлауға міндетті болса керек.

**Сөз түйіні:**

**Тұлға көпке үлгі, жұртқа танымал адам. Қазір білім ошақтарында оқушыдан тұлға шығару аса маңызды мәселеге айналды. Оқу-тәрбие жұмыстарының түпкі нәтижесі, діттеген мақсаты қоғамға салықалы, салауатты тұлға дайындау. Біз көксеген, біз армандаған тұлғаның жарқын бейнесі Мағжанның «Педагогикасында» айқұлақтанып көрініп тұр. Олай болса ұлттық мектептер Мағжанның тәрбиеші-мұғалімінен өнеге алса жақсы. Осы игілікті істі батыл әрі табанды түрде жүргізу – уақыт талабы.**